



# «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы

*Қазақстан, Алматы, 6-8 сәуір, 2022*



Международная научная конференция студентов и молодых ученых

# «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Қазақстан, Алматы, 6-8 апреля, 2022*



# «FARABI ALEMI»

International Scientific Conference of Students and Young Scientists

*Kazakhstan, Almaty, 6-8 April 2022*

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ**

**AL –FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
FACULTY OF LAW**

**VIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ  
Алматы, Қазақстан, 2022 жыл 6-8 сәуір  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»**

**атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
МАТЕРИАЛДАР жинағы, 2022 жыл 6-8 сәуір**

**VIII МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ  
Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2022 года  
Сборник материалов  
Международной конференций студентов и молодых ученых  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»  
Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2022 года**

**Collection  
of the International Conference of Students and Young Scientists  
«FARABI ALEMI»  
Almaty, Kazakhstan, 6-8 april 2022**

**Алматы  
«Қазақ университеті»  
2022**

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
4. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқулық / Ержан Ошақбайұлы Егембердиев.- Астана: Фолиант, 2006

## **ЭЛЕКТРОНДЫ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

***Райымбергенова К.Т.**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Заң факультеті, Құқықтану,  
2-курс докторанты  
**Ғылыми жетекші: Жатқанбаева А.Е.**  
**з.ғ.д., профессор***

Ақпараттық технологияның қарыштап даму барысында электронды сауда-саттықты тиімді ету үшін, ондағы төлем процесін жылдамдатып, уақытша шығындарды азайтуға әкелетін, әрі сауданың жаңа түрі мен тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жаңа есептеу құралына қажеттілік туындады. Мұндай құрал ретінде қазіргі уақытта көптеген пікірлердің таласын тудырған электронды ақша танылды. Қазіргі уақытта әлемдік саудада ерекше орны бар ақша айналымының түрі-ол электронды ақша айналымы.

Электронды ақша туралы жан-жақты зерттеулер нәтижесінде өзіне тәне ерекше белгілерге толығырақ айтқанда атқаратын қызметіне тоқтала өтсек болады:

- алдымен электронды ақша *жинақтау және төлем құралының* қызметін атқарады, нақтырақ айтсақ: қағаз ақша сияқты сіз бұл электронды ақшаны да электронды түрде жинай аласыз, тек оны қолма-қол ақша ретінде шешіп алған жағдайда ғана физикалық иемдене аласыз;

- келесі жағдайда электронды ақшаны тауарларды сатып алу мен қызмет көрсетуге төлеу үшін қолданғандықтан *айырбастау құралы* ретінде қызмет атқарады;

- кәдімгі қағаз ақша сияқты товар немесе қызметтің жалпы құндық шегін көрсететіндіктен, электронды ақша *есептеу бірлігі* қызметін қоса алып жүреді;

- электронды ақшаны алдағы уақытта өтеу үшін алынатын несие беру құралы үшін қолданатындықтан *төлем мерзімін ұзарту стандарты* қызметін жүзеге асырады [2];

- электронды ақша әмбебап төлем құралының қызметін атқаратыны бәрімізге белгілі, бұл қолма-қол ақшаға қарағанда, әсіресе *«онлайн» интернетте төлем жасау* үшін қоланылады;

- электронды ақша интернет қолжетімдігінен дүние жүзі елдерінде электронды төлем ретінде қолданғандықтан *әлемдік ақша* ретінде қызмет атқарады, яғни қолдану шегі бір ғана елмен шектелмейді, әлемнің қай түкпірінде болмасын сіз электронды шоттағы ақшаңызды төлем көзі қолдана аласыз.

Электронды ақшаның басты ерекшелігі ретінде әртүрлі ақша операцияларын жылдам жүзеге асыру болып табылады. Қолма-қол валюта арқылы ақша операцияларының аударымы 3 жұмыс күнін құрайтын болса, электронды ақша және криптовалюта анонимді түрде жылдам секундарда келесі аударымды қабыл алушы тарапқа түседі. Жеке шот иесінің келсімінсіз ешкім балансты тексере алмайды ондағы қаражат туралы ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Осы жағдайда электронды ақша мен криптовалюта алаяқтардан жеке шотты қорғауда анонимдік сипаты арқылы ерекшеленеді.

Соңғы уақытта ақша айналымына криптовалютанан енгізудің мәселелері көтеріліп жүр. Түсіну қажет: криптовалюта бұл-жай ұлттық валюта емес. Криптовалютаны электронды ақша айналымына енгізуден туындайтын мәселелерге мыналар жатады: электронды ақша арқылы жүргізілетін ақша айналымын реттеу мен бақылаудың болмауы, төлем жүргізу

ережелері бойынша тәртіптің болмауы, оның қызметінің қауіпсіздігінен, соның ішінде алаяқтықтан көрініс табады. Және де криптовалюта сандық алтын және төлем жүйесінің баламасы ретінде қолданып келеді. Бірақ, нарық айналымында нақ криптовалюта электронды ақша ретінде қолдануды заңдастыруға әзірге не мемлекет не банк жүйелері дайын емес. Бұны жан-жақты қаржылық пирамидалардан зардап шеккен алаяқтықтың көбеюімен де байланыстырамыз[3].

Сондай-ақ, ескеретін бір жайт-электронды ақша және криптовалюта мемлекеттік алтын қорда қолданылмайды. Сол үшін оларды жинақтап емес, төлем құралы ретінде қолдану қажет. Осыған орай, қаржы саласындағы көптеген сарапшылар электронды ақшамен ірі төлемдер жасамауды ұсынады.

Енді Қазақстанда криптовалюта туралы қандай заңнама бойынша қарастырылғанын зерттей келе келесілерге тоқталамыз:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 25 маусымдағы № 347-VI заңымен майнинг пен криптовалюта «заңдастыруға» арналған акт қабылданған болатын. Бұл жерде майнинг және криптовалюта айналымын жүзеге асыру үшін жағдай жасайтын «цифрлық активтер» терминін азаматтық құқық объектісінің түріне жатқызып, оның құқықтық жағдайын айқындаушы ретінде ҚР заңнамасы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілерінде айқындалатынын заңнамамен бекітеді[4]. Осыған орай, енді елімізде қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер (криптовалюта) шығаруға, оларды айналымға енгізуге заңмен тыйым салынса, ал цифрлы майнингті заңдастырғанын көреміз. Ал, «Ақпараттандыру туралы» ҚР 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V заңы 1 бап, 55-1) тармақшасында «цифрлық актив ретінде криптография мен компьютерлік есептеу құралдарын қолдану арқылы электрондық-цифрлық нысанда құрылған, қаржылық құрал болып табылмайтын мүлік, сондай-ақ мүліктік құқықтарды куәландырудың электрондық-цифрлық нысаны» ретінде түсінік береді. Және 55-3) тармақшасына тоқталсақ: блокчейн арқылы ақпараттандыру объектілеріндегі деректер блоктарының тұтастығын растауды қамтамасыз ететін, деректерді шифрлаудың және өңдеудің берілген алгоритмдеріне сәйкес компьютерлік, энергетикалық қуаттарды пайдалана отырып есептеу операцияларын жүргізу процесі деп, - «цифрлық майнинг» ұғымын ашқан [5]. Демек, еліміздегі аталған заңнамаларда цифрлы майнинг ретінде, қарапайым тілде, криптовалюта шығару тәсілі деген анықтама бергенін түсінеміз[1].

Әлемдік сауда нарықтық ақша айналымында криптовалюта мен электронды ақша айналымы арқылы көптеген төлемдердің жүзеге асуынан қалыптасқан шетелдік тәжірибелерді жан-жақты талда келе, елімізге нақты қажетті алғышарттар әлі де болса қолданыстағы заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талап етіп, мемлекет бақылауын қажет етеді.

Қорытындылай келе, электронды ақшаны мемлекет тарапынан толықтай қадағалауды қолға алу ұсынылады. Тек солай ғана барлық жүргізілген төлемдер мен операциялардың ашықтығын қамтамасыз етіп, соңғы кезде орын алып жатқан түрлі цифрлы активтер арқылы көлеңкелі бизнес жасап, салықтан жалтару мен алаяқтықтардың жолын кесе отырып, еліміз дамудың жаңа деңгейіне шығып, азаматтардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына еркін нарықтық алаң қалыптасатынына сенеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Налогообложение цифрового майнинга и операций с криптовалютой в РК: критические замечания к законопроекту и зарубежный опыт// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35177162&pos=4;-108#pos=4;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35177162&pos=4;-108#pos=4;-108)
2. // <https://corporatefinanceinstitute.com/resources/knowledge/finance/electronic-money/>

3. Пухов А.В. Мошенничество в платежной сфере - Бизнес энциклопедия/ А.В. Пухов// Центр исследований платежных систем и расчетов. Интеллектуальная Литература. 2016. –13с.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 347-VI ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000347>

5. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>

## **Новеллы гражданского процессуального законодательства Республики Казахстан**

***Рыскулбек Анель Казыбекқызы***

*Евразийская Юридическая Академия им. Д.А. Кунаева,*

*факультет: Юриспруденция, студентка 3<sup>20</sup> курса*

***Научный руководитель: Абдуллина Лейла Марсовна***

*К.ю.н., ассоциированный профессор*

*кафедры гражданско-правовых дисциплин*

*Евразийской юридической академии имени Д.А.Кунаева*

01.01.2022 г. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан («ГПК») претерпел довольно основательные изменения. В данном докладе я опишу особенно важнейшие из них, а также выскажу свои мысли об их допустимых последствиях.

Сенат Парламента РК на пленарном заседании принял поправки по вопросам улучшения гражданского процессуального законодательства и развития институтов внесудебного и досудебного урегулирования споров. Как подчеркивается в заключении, документ разработан в целях улучшения института медиации и оказания квалифицированной юридической помощи людям при урегулировании споров, и реализации одобренных Главой государства подходов по облегчению гражданского процесса и предложений, выработанных Комиссией по реформе судебной и правоохранительной систем.

Главной задачей законопроекта является совершенствование гражданского процессуального законодательства, развитие сферы применения примирительных манипуляций, минимизация процессуальных расходов граждан, а также проявление заинтересованности населения во внесудебном урегулировании спора (конфликта).

В связи с этим, поправками заменено представление «непрофессиональный медиатор» на «общественный медиатор», указание деятельности медиатора на социальных началах нужно для обозначения его социального ранга, как оказывающего содействие в примирении сторон на безвозмездной основе. Также расширен круг лиц, у которых может быть составлено соглашение об уплате алиментов, это медиаторы, адвокаты, юрисконсульты, и предлагается для комфорта участников процесса в гражданском судопроизводстве объединить термины «заявление», «исковое заявление», «иск» в единый термин «иск», за исключением дел особого производства. Из мировой практики адаптировать институт «образцовое судебное решение», ввести в гражданский кодекс новый институт «досудебный протокол», который разрешит сторонам применять возможность улаживания спора в судебном порядке.

Новая редакция ч.1 ст. 73 ГПК РК довольно трудна для восприятия. В связи с чем, ее следует процитировать:

«Доказательства представляются сторонами и другими лицами, участвующими в деле, суду первой инстанции при принятии иска с составлением ими досудебного протокола, в котором отражаются действия сторон и других лиц, участвующих в деле по